

**"Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 282 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 90 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы №282 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2362 болып тіркелген, 2014 жылдың 13 қарашасында №156-157 (18013-18014) "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1 тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Орынбековке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К.Көкрекбаев*